

## **Трансферттік баға белгілеуді қолдану жөнінде келісім жасасу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2022 жылғы 15 сәуірдегі № 414 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 сәуірде № 27623 болып тіркелді

"Трансферттік баға белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Трансферттік баға белгілеуді қолдану жөнінде келісім жасасу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары -  
Қаржы министрі*

*Е. Жамаубаев*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары – Қаржы  
министрінің  
2022 жылғы 15 сәуірдегі  
№ 414 Бұйрыққа  
қосымша

## **Трансферттік баға белгілеуді қолдану жөнінде келісім жасасу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Трансферттік баға белгілеуді қолдану жөнінде келісім жасасу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Трансферттік баға белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес (бұдан әрі – Заң) әзірленген

және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі – Комитет) мен Заңның 2-бабы 16) тармақшасында айқындалған мәмілеге қатысушы арасында трансферттік баға белгілеуді қолдану жөнінде келісім (бұдан әрі – Келісім) жасасу тәртібін айқындайды.

2. Келісім Заңның 3-бабына сәйкес трансферттік баға белгілеу кезінде бақылауға жататын және Келісімнің нысанасы болып табылатын мәмілелер тізбесі бойынша Заңда көзделген бағаны айқындау (есептеу) тәртібін, нарықтық бағаны айқындау әдісін және ақпарат көздерін белгілейді.

3. Келісімнің құрылымы мыналарды:

- 1) жалпы ережелерді;
- 2) Келісімде пайдаланылатын анықтамаларды;
- 3) Келісімнің тараптарын;
- 4) Келісімнің нысанын;
- 5) ұсынылған құжаттар тізбесін;
- 6) нарықтық бағаны айқындау әдісін;

7) нарықтық бағаны немесе нарықтық рентабельдік ауқымын айқындау үшін қолданылатын ақпарат көзін;

8) Келісімнің қолданыс мерзімін;

9) Келісімнің күшіне ену күнін;

10) Келісімнің қолданысы кезеңінде қолданылатын бағалар туралы ақпарат беру мерзімін;

11) құпиялылық;

12) Келісім шарттарын мәміле қатысушыларының орындамау (бұзу) салдарын;

13) Келісімді мерзімінен бұрын бұзудың негіздерін қамтиды.

## **2-тарау. Трансферттік баға белгілеуді қолдану жөнінде келісім жасасу тәртібі**

4. Мәмілеге қатысушы Комитетке Келісім жасасуға өтінішті жазбаша түрде және еркін нысанда тапсырады, оған мыналар:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті немесе анықтаманы, құрылтай құжаттарын (жарғы, құрылтай шарты), 5%-дан аса акциялары (үлестері) бар акция (үлес) ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірме немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат;

2) Заңның 3-бабына сәйкес нысанына трансферттік баға белгілеу кезіндегі бақылау объектісі болып табылатын шарттар (толықтырулармен және өзгерістермен);

3) Қазақстан Республикасының құзыретті органымен және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметімен жасалған, қызметі жасалатын Келісімнің нысанасы болып табылатын мәмілелерді жүзеге асырумен байланысты, осындай келісімшарт болған жағдайда, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (толықтырулармен және өзгерістермен);

4) Қазақстан Республикасының және шет елдердің компанияларында инвестициялар және/немесе акциялар болған жағдайда, егер мұндай инвестициялар және/немесе акциялар келісім жасалатын мәміле нысанасымен байланысты болса, олар туралы ақпарат;

5) егер мәмілеге қатысушы Заңның 7-бабына сәйкес Келісім жасасуға өтініш берген жылдың алдындағы үш жыл қатарынан есептілікті ұсынбаған жағдайда, тараптардың, халықаралық топ құрылымының (егер мәмілеге қатысушы халықаралық топтың қатысушысы болып табылса), мәмілеге қатысушының ұйымдастырушылық құрылымының өзара байланыстылығы туралы деректер;

6) мәмілеге қатысушының Келісім жасасуға өтініш берген жылдың алдындағы қатарынан үш жылдағы қаржылық есептілігі;

7) мәмілелер жасасу кезінде пайдаланылатын нарықтық бағалар жөніндегі ақпарат көзін және ақпарат көздерінің нарықтық бағасын қалыптастыру әдістерін;

8) нарықтық бағаны айқындау үшін ұсынылатын әдіс, нарықтық бағаны айқындау әдіснамасы және баға белгілеу формуласы;

9) егер мәмілеге қатысушы Заңның 7-бабына сәйкес Келісім жасасуға өтініш берген жылдың алдындағы үш жыл қатарынан есептілікті ұсынбаған жағдайда, баға белгілеуге, нарықтағы беделіне әсер ететін факторларға қатысты ақпаратты қоса, маркетингтік саясат (тауарлық, өткізу, бағалық, сондай-ақ тауардың нарықтағы жылжу саясаты), баға белгілеу әдіснамасы енетін бизнес стратегиясын қамтитын негіздемелер мен құжаттар қоса беріледі.

Осы тармақтың 4), 5), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды табыс ету мүмкін болмаған кезде мәмілеге қатысушы оларды табыс етудің мүмкін еместігі туралы жазбаша негіздеме ұсынады. Комитет көрсетілген құжаттарды ұсынудың мүмкін еместігі туралы жазбаша негіздемені қабылдайды.

5. Комитет мәмілеге қатысушының Келісім жасасуға арналған өтінішін мәмілеге қатысушыдан көрсетілген өтінішті алған күннен бастап 90 (тоқсан) жұмыс күні ішінде қарайды.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес Комитет мәмілеге қатысушының өтінішін қарау мерзімі өткенге дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей мәмілеге қатысушының өкілдерімен тыңдау рәсімін тағайындайды. Тыңдау қорытындылары бойынша Келісім жасасу туралы оң шешім не Келісім жасасудан бас тарту қабылданады.

Комитет Келісімді жасасу туралы оң шешім қабылдаған жағдайда шешім қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комитеттің төрағасы не Комитет төрағасының міндеттерін орындау жүктелген лауазымды адам, ол қол қойылған күнінен бастап 3 (үш) жылдан аспайтын мерзім ішінде қолданылатын Келісімді мәмілеге қатысушының атына жолдайды.

Мәмілеге қатысушы Комитет төрағасы не Комитет төрағасының міндеттерін атқару жүктелген лауазымды адам қол қойғаннан кейін мәмілеге қатысушы Келісімге қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оны Комитетке жібереді.

Комитет Келісім жасасудан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда мәмілеге қатысушының Келісім жасасуға өтінішін қарау нәтижелері бойынша шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде мәмілеге қатысушыға оны жасасудан бас тарту себептері көрсетілген жазбаша жауап жіберіледі.

6. Комитет мәмілеге қатысушыға мынадай жағдайларда:

1) осы Қағидалардың 4-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларда көзделген құжаттар мен ақпараттың біреуі болмаған жағдайда.

Бұл ретте осы Қағидалардың 4-тармағының 4), 5), 7), 8) және 9) тармақшасында мәмілеге қатысушыдан ұсыну мүмкін еместігі туралы жазбаша негіздеме болған жағдайда, тармақшаларда көрсетілген құжаттарды ұсынбауға жол беріледі;

2) мәмілеге қатысушы осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес Келісім жасасу үшін қажетті құжаттардың толық тізбесін ұсынудың мүмкін еместігі туралы жазбаша негіздемені ұсынбаған кезде;

3) нарықтық бағаны айқындау үшін ұсынылатын таңдалған әдіс, нарықтық бағаны айқындау әдіснамасы және нарықтық бағаны айқындау формуласы Заңның ережелеріне сәйкес келмеген кезде;

4) Заңның 18-бабында белгіленген реттілікті ескере отырып, нарықтық бағаны айқындау үшін қолданылатын және мәмілеге қатысушының Келісім жасасуға арналған өтінішінде көзделмеген өзге де ақпарат көздерін пайдалану мүмкін болған кезде Келісім жасасудан бас тартады.

7. Комитет Заңның 8-бабына сәйкес жасалатын Келісімге қатысы бар құжаттарды (ақпаратты) сұратады.

8. Комитеттің және мәмілеге қатысушының өзара келісуі бойынша Келісім көзделген қолданылу мерзімінен бұрын бұзылады, бұл ретте Келісімнің шарттары бұзылған сәтке дейін өз күшін сақтайды. Егер Комитет мәмілеге қатысушы тарапынан мемлекеттік кіріс шығынына әкеп соғатын Келісім ережелерінің бұзылуын анықтаса, Комитет Келісімді біржақты тәртіппен бұзады.